

года, в экономике страны произошли не малые изменения, которые повлияли положительно на экономическую сферу страны, т.е. предприятия, осуществляющие среднее и крупное предпринимательство могут свободно конкурировать со странами, придерживающимися такой же денежной политике, тем самым это приведет к укреплению Национальной валюты - тенге на мировом рынке. Так же, принятая экономическая политика отрицательно повлияла на социальную сферу страны, за счет сокращения численности рабочих мест, роста цен на продовольственные продукты и т.д.

Литература:

1. www.tengrinews.kz
2. www.nur.kz

Әлиакбар Ж.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, МН-51 тобының магистранты
(*Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Жақсыбаев Қ.Р.*)

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУШІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ АРҚАСЫНДА ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ


Қазақстанда энергияны үнемдеу әзірше тек теория жүзінде ғана орын алып отыр. Алайда жақын жылдарда еліміз энергетикалық шығындарды азайту мен жана үнемдеу технологияларын енгізу қажеттілігіне кезігуі мүмкін. Қазіргі уақытта өтпелі экономикасы бар елдерде өндірістің және әлеуметтік қызметтердің энергияны көп мөлшерде қажет ету проблемасы өзекті бола бастауда, ол жалпы әлемдік көрсеткіштерден едәуір мөлшерде асады. Жағдай тасымалдаушыларға (мұнай, табиғи газ, көмір, электрқуаты) қатысты бағалардың үнемі түрде өсуімен шиеленісуде. Қазақстанда да, өкінішке орай, сондай жағдай орын алуда – бізде "энергияны үнемдеу" деген түсінік мүлде жоқ. Бұл ел ресурстарының орасан зор потенциалына ие болуымен негізделеді.

Қазақстанда өнімнің өзіндік құнындағы энергетикалық шығындардың алатын үлесі басым бола бастауда, осыған орай отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі барған сайын отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеп пайдалануға көбірек байланысты болуда. Энергоресурстардың басым бөлігі орны толмайтын энергия көздері (табиғи газ, мұнай, көмір, шымтезек және басқа отын түрлері) болып табылады. Оларды пайдалану парниктік газдардың, сондай-ақ зиянды заттардың (шаң, күкірт, азот оксиді және т.б.) елеулі мөлшерде шығарылуына әкеп соқтырады. Сол себептен энергияны үнемдеу проблемасы бірқатар маңызды экологиялық проблемаларды, соның ішінде ғаламдық проблемаларды шешумен қатысты болып келеді. Және бұл жерде негізгі стратегиялық әдістер мен ресурстарды тиімді пайдаланудың әдістерін белгілеп алған маңызды болады. Олардың кейбіреулері: жоғары технологияларды қолдану, кәсіпорындарды жобалау мен қайта құру кезінде үлгілеу мен оңтайландыру әдістерін қолдану, энергияны тасымалдаушылардың қымбат түрлерін арзандарымен алмастыру, энергияның орны толатын көздерін – желді, күнді, биомассаны және т.б. кеңінен пайдалану".

Ресейде энергетика бойынша 4 федеральдік заң, президенттің 15 жарғысы, үкіметтің 22 қаулысы бар, ал АҚШ-та 20 жыл ішінде арнайы 50 заң қабылданған. Өзімізге келетін болсақ, бізде аймақтық бағдарламалар жоқ, 1997 жылы қабылданған «Энергияны үнемдеу туралы» заңын жетілдіру қажет. Сол себептен энергияны үнемдеудің мемлекеттік саясатын әзірлеу қажет. Басқа елдерде үнемдеумен айналысатындар үшін бірқатар жеңілдіктер ескерілген. Бұлар – салықтар да, ерекше тарифтік саясат та. Мемлекеттік гранттар, компаниялардың сыйақылары бар. Қазіргі кезде тұтынушы тұтыну фактісі бойынша емес, қисынсыз түрде жоғары болатын нормалар бойынша төлеп отыр. Шығыс Қазақстанда үш ГЭС-тің арқасында (Өскемен, Бұқтырма және Шөлбі) республика бойынша ең төмен тарифтердің бірін ұстау мүмкін болып отыр. Коммуналдық салада есепке алу аспаптарына қатысты проблема ешбір шешілмей жатыр. Сонымен қатар, стандарттау, сараптама, аудит жүргізу қажет. Ресейде, мысалы, энергияның аудитімен айналысатын 30 фирма бар және де бүкіл әлемде тәуелсіз сараптамалық ұйымдар бар. Бізде аталмыш қызмет ешқандай ұйымдастырылмаған. Осының бір мысалы ретінде ШҚО-дағы Согриндік ТЭО-дағы жақын уақытта болған апат болып отыр. "Техникалық сараптаманың жоқтығы оны пайдаланудың ең әлсіз буындарының бірі болды". Сондай-ақ, мамандардың пікірінше, меншік түріне байланыссыз барлық энергиялық кәсіпорындарды төлқұжаттандыру қажет. Төлқұжаттың болуы тек қана ұйымдастыру

шараларының есебінен ешбір капитал жұмсаусыз төлемді 20%-ға азайтуға мүмкіндік беретін болады. Екіншіден, жылу көздерін олардың ПҚК-ын арттыру үшін лицензияландыру. Үшіншіден, икемді тарифтік саясат, бұл жағдайда электрқуатына қатысты ең төмен және ең жоғары тарифтердің арасында шекара орнайды. Төртіншіден, үнемдеу жөніндегі іс-әрекетті сыйақылау және басқа да бірқатар шаралар. Оның үстіне Қазақстанда жаңа энергообъектілердің құрылысы емес, әрекеттегілерін қайта құру мен жетілдіру басымдылыққа ие болуда.

Еуропада экологиялық таза энергетика жөніндегі жаңа жобаларды қаржыландырудың көздері пайда болып жатыр. Мұнайдың бағасының 10-нан 30%-на дейінгі мөлшердегі дәл осындай «экологиялық» салық Швецияда, Финляндияда, Нидерландылар мен ЕЭО елдерінде енгізілген. Европалық одақ 2020 жылға қарсы орны толатын энергияның жалпы электрқуаты өндірісінің 20%-ын құрайтын болады деп жариялаған. Көптеген батыс елдерінде энергияны үнемдеу проблемасын шешудің себепкеріне 1973 жылғы дағдарыс айналды. Проблеманы барлық дамыған елдерде энергияны үнемдеу технологияларын ғылыми және техникалық әзірлеу мен игерудің арқасында және 24 елде мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың арқасында шешу мүмкін болды.



Сурет 1. Қазақстандағы энергияны пайдаланудың тиімділігін арттырудың потенциалы

Тиімділігін арттыру ресурсы бастапқы энергоресурстардың өндірісін арттыру ресурсына карағанда 4 есе артық болып келеді. Бұл ресурсты толық пайдалану Қазақстанның экономикасын 8-10 жыл бойы бастапқы энергоресурстарды тұтыну мөлшерін арттырусыз дамытуға мүмкіндік береді.

Энергияның тиімділігін арттырудың ең жоғары потенциалына тұрғын және қоғамдық үйлер ие болуда, олардың артынан өнеркәсіп пен жылумен қамту жүйелері және ақыры электрэнергетика ілеседі. Нарықты күштер мен энергияны пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі белсенді мемлекеттік саясаттың үйлесімі бастапқы энергоресурстарды тұтыну мөлшерін өсірмей экономикалық дамуды энергетикалық қызметтермен қамтамасыз етуге қабілетті. Сонымен қатар, мұндай үйлесім газ экспорты потенциалының төмендеу қаупін блоктап, және, тіпті экспортқа арнап газдың елеулі мөлшердегі ресурстарын босатып беруге қабілетті. Тек нарықтық күштер ғана потенциалдың бір бөлігін іске асыра алады. Энергияны үнемдеудің іске асырылып жатқан потенциалының үлесін елеулі түрде арттыруға көмектесетін белсенді мемлекеттік саясат қажет. Энергияны тасымалдаушыларға қатысты тарифтердің өсуін үкімет құнсыздандудың ең негізгі қозғалтушы күші ретінде таныды. Егер де осындай өсу шығындардың азаюымен және энергоресурстарды пайдалану тиімділігінің артуымен өтеліп отырған болса, онда тұтынушылардың табыстарындағы коммуналдық қызметтерге төленетін шығындардың үлесі өспеген болар еді, ал құнсыздану әсері толықтай өтелген тоқтаған болар еді. Үкіметтің энергетика саласындағы стратегиялық құжаттарды әзірлеуге және «басымдылықтарды» жүзеге асыруға деген көзқарасы түбегейлі өзгеруі тиіс.

Энергияны үнемдеу сондай бір елеулі инвестицияларды қажет етпейтін шағын энергетикада тиімді болуы мүмкін. Мұндағы жаңашылдықтар кеңестік орталықтандырылған түрдегі үлестіру

жүйесінің кемшіліктерін жеңуге негізделген. Бұл жүйеде энергия орасан зор ауқымдармен өндіріліп жатты, соның арқасында жоғары ПҚК-ға қол жеткізіліп отыратын, алайда оны үлкен қашықтықтарға тасымалдау жоғары мөлшердегі шығындарды тудыратын. Қазіргі кезде жаңа шағынаудандарды салу кезінде құрылысшылар өздерінің энергиямен қамту жүйелерін құруды артық көреді. Энергияны шағын көлемде өндірудің тиімділігі аз болғанымен, оның есесіне тасымалдау кезіндегі шығындардың азаюы ұтысты қамтамасыз етеді. Орталықтандырылған түрдегі жылытуға қарағанда құралдарды үнемдеу шамамен 35% құрайды. Сонымен қатар желілердің техникалық күйі мен олардың жерасты суларымен басылып қалу дәрежесіне байланысты болатын сыртқы желілердегі жылудың шығындары (15-30%) болмайды. Энергияны үнемдеудің потенциалды әсеріне қарамастан, ТМД елдерінде энергия тиімділігіне жұмсалып жатқан инвестициялар саяси тосқаулыдардың, жеткіліксіз дәрежедегі хабардар болудың және экономикалық стимулдардың тиімсіздігінен онша жоғары болмайтын деңгейде қалып отыр. Жергілікті үкіметте біртіндеп барған сайын көбірек дербестікке ие болып және энергетикалық қызметтер үшін үлкен жауапкершілікте болған сайын, бюджеттік қаражаттардың шектеулі болуы жағдайында тұрғын үй-коммуналды қызметтерді жақсартудың әдістері мен тираждалып жатқан тәжірибелік механизмдері туралы ақпаратқа сұраныс артып жатыр. Энергия тиімділігі жөніндегі муниципалды желі (MUNEE) Орталық және Шығыс Еуропада және ТМД елдерінде энергияның тиімділігін аймақтық деңгейде арттыруға ықпал ететін тұрақты институт болып табылады.

Бұл аймақтағы қалалар энергияның тиімділігін арттырудың қажеттігін сезінгенімен, олардың энергетика мен сумен қамтуға қатысты проблемаларды шешу үшін потенциалы, ресурстары мен стимулдары әркез бола бермейді. Жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде жылыту, қоғамдық жарықтандыру, сумен қамту және ағынды суларды тазарту жүйелерінің энергиялық тиімділігін арттыруды мақсат етіп көздейтін жобаларды тиісті түрде әзірлеп және құрылымдаудың барған сайын артып бара жатқан қажеттігі байқалуда. Бұл жобаның нәтижесінде муниципалитеттердің жылу мен суға қатысты қажеттерді бұрынғысынан да тиімді қанағаттандыруға деген қабілеті муниципалитеттердің тұрғындардың алдындағы жайғасымдарын нығайтып және азаматтардың басқару органдарына деген сенімінің дәрежесін арттырады, сол арқылы анық және демократиялық басқарудың іргетасын құрады. Алғашқыда өзекті проблемаларды тікелей шешу мен энергияны үнемдеу жолымен өндірістік қуаттылықтарға, фабрикалар мен кәсіпорындарға арнап энергияны тұтынудың жылдам да қарапайым әдістерін әзірлеу деген ой орын алатын, бұл бағалардың көтерілуі мен нарықтық құлдырау кезеңдерін бірқалыпты күте тұруға мүмкіндік берген болар еді. Бағадарламаға қатысу үшін өтінімдерді беру фазасы жабылғанымен, әртүрлі кәсіпорындардан 200 ден артық өтініш алынған болатын және жылдың соңына дейін энергетика саласындағы 75 сарапшы өзінің сол кәсіпорындардағы энергияны үнемдеу жөніндегі қосымша потенциалына баға беру мен анықтау жөніндегі жұмысын жалғастыруда. Жан-жақты энергетикалық баға берумен қатар АҚШ МЭ-ның әрбір сарапшысы кәсіпорынның жүйелерін қарастыру мен алғашқы кезектегі энергиялық тиімді шараларды іздестіруге жарамды қолданыстағы программалық қамтуды зерттеу жөнінде компьютерлік тренинг жүргізеді. Жобаға сәйкес энергияны үнемдеуші шараларды қаржыландыруға арнап бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану ескерілген. Бюджеттік қаражаттар тек бюджеттік ортадағы энергия үнемдеуші шараларды орындауға арнап, ал бюджеттен тыс қаражаттар отын-энергетика кешеніндегі, өнеркәсіптегі, құрылыстағы және көліктегі шараларды қаржыландыруға арнап қатыстырылуы мүмкін деп көзделуде. Оның үстіне, дәстүрлі бюджеттен тыс көздер – несиелер мен лизингімен қатар электр және жылу энергиясына қатысты тарифтерді мемлекет тарапынан реттеудің, қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы үнемделген ресурстар мен жылу энергиясын тұтынуды аспаптық есепке алуды ұйымдастырудың арқасында бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану көзделуде.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2014-2018 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (бірінші кезеңде). www.minplan.gov.kz/kz
2. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы
3. Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы
4. Нурабеков Б.К. «Становление и развитие национальной нефтегазовой политики Республики Казахстан за 10 лет независимости» // Нефть и газ 2012
5. Әлімбаев. Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері. – Алматы, Жеті жарғы, 2006.
6. Үпішев, Е. М. Мұқаұлы, С. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау. – Алматы, Экономика, 2006.